

Денисов ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2009 жылғы 23 қарашадағы № 167 шешімі. Қостанай облысы Денисов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 желтоқсанда № 9-8-139 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 19 қазандағы № 96 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 19.10.2015 № 96 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы" Заңының 1 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылдың 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабына сәйкес мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Денисов ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>
	<i>м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т е н</i>
<i>тыс сессиясының төрағасы</i>	<i>Б. Тойбағоров</i>
	<i>Д е н и с о в а у д а н д ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Б. Тойбағоров</i>
<i>КЕЛІСІЛДІ:</i>	

*"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті
Қостанай облысы бойынша Салық департаменті Денисов ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы*
Б. Мақашев

**Денисов ауданының аумағында қызметін
жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер
үшін бірыңғай тіркелген салық ставкалары**

№ п/п	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген ставкаларының мөлшері есептік көрсеткіш)	салықтың (айлық
1	2	3	
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ойын автоматы	1	
2	Біреуден ойыншылардың ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын компьютер	1	
4	Ойын жолы	5	
5	Карт	2	
6	Бильярд үстелі	3	